

## Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2446 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_ 1-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы

шығарылуына байланысты қаулы етемін:

I. Мына заң актілерінің күші жойылған деп танылсын:

1. "Қазақстан Республикасындағы банкілер туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10, 238-құжат);
2. "Қазақстан Республикасындағы банкілер туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10, 239-құжат).

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті